

Шетелдік несиелер мен займдарды тіркеу жөніндегі Нұсқаулық

Құшын жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1995 жылғы 1 тамыз N 194 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 13 қарашадағы N 129 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

1. Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасына шетелдік несиелерді тарту жөніндегі жұмысты тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар туралы" 1995 жылғы 8 ақпандағы N 139 Қаулысын орындау мақсатында жасалды. Ол Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде шетелдік несиелер мен займдарды тіркеу тәртібін айқындайды және оны тіркеу сәтінен бастап (Қаржы министрлігі бойынша 1994 жылғы 4 мамырдағы N 112 бұйрықпен бекітілген шетелдік несиелерді тіркеу туралы Нұсқаулықты алмастырып) іске қосылады.

2. Қаржы министрлігінде:

- халықаралық қаржы ұйымдарының, шетелдік банктердің және басқа да несиегерлердің үкіметаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне;

- Мемлекеттік кепілдіктер (Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері) ретінде Қазақстан Республикасының банктеріне, кәсіпорындарына, ұйымдары мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілеріне ұсынылған барлық шетелдік несиелер мен займдар тіркелуге жатады.

3. Несие мен займды тіркеу үшін Заем алушы (несие немесе займ келісімінде займ алушы ретінде тіркелген ұйым) тараптар аталған келісімге қол қойған сәттен бастап 7 күндік мерзімде осы келісімнің түпнұсқасын Қаржы министрлігіне беруге міндетті.

4. Қазақстан Республикасының сыртқы қарызын басқару мақсаттары үшін тіркелетін шетелдік несиені немесе займды қамтуға өкілдігі бар займ алушы мен банк нақ осындай мерзімде несиені (займ) келісімінде сілтеме жасалған барлық құжаттар мен қосымшаларды (өкімдік құжаттарды, контрактілерді, кепілдіктер мен қарсы кепілдіктерді, өтем сызбаларын, төлем кестелерін және т.б.) береді.

5. Тіркеу талап етілген құжаттардың соңғысы берілген күннен бастап 10 күн ішінде жүргізіледі.

6. Қаржы министрлігінде несиені келісімінің түпнұсқасы және соңғысына қоса тіркелетін барлық басқа құжаттардың көшірмелері қалады.

7. Займ алушыға белгіленген нысандағы Куәлік беріледі (1-Қосымша). Бұл куәлік шетелдік несиенің немесе займның Қазақстан Республикасының сыртқы қарызды басқару жүйесінде тіркеу фактісін дiттейдi және Займ алушының аталған несиені немесе займды өткізуіне (игеруіне) Қаржы министрлігінің рұқсаты болып табылады.

8. Шетелдік несие немесе займ белгіленген мерзімде тіркелмеген жағдайда Қаржы министрлігі тіркелмеген несиені (займды) тежеу немесе күшін тоқтату жөнінде шаралар қолданады.

9. Тіркелген несие немесе займ келісіміндегі барлық өзгерістерді Займ алушы несиені (займды) тіркеу үшін белгіленген мерзім мен тәртіпте беруі тиіс.

Шетелдік несиелер мен займдарды
тіркеу жөніндегі Нұсқаулыққа

1-Қосымша

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

Тіркеу куәлігі N

_____ қаласы "___" _____ 199__ ж.
осы арқылы төмендегі куәландырылады:

а) Займ алушы _____

Қаржы министрлігіне 19__ жылғы "___" _____

N _____ несие келісімін ұсынды.

Келісімнің түрі (МНК, ШНК) _____ несиенің тұрпаты _____

Несиегер _____ (несиегердің атауы, тұрағы) _____

Займ алушы _____ (займ алушының атауы, тұрағы) _____

Несие (займ) сомасы _____ валютаның атауы _____

Игеру кезеңі: басталатын уақыты - аяқталатын уақыты (пайдалану
м е р з і м і)

Өтеу кезеңі: басталатын уақыты - аяқталатын уақыты

Өтеу көздері: 1. - (көздің атауы мен үлес проценті) _____

2. _____ (көздің атауы мен үлес проценті) _____

І л е с п е ш ы ғ ы н д а р к ө з д е р і :

шығындардың атауы _____ көзі _____

шығындардың атауы _____ көзі _____

б) Осы несие келісіміне мына құжаттардың көшірмелері тіркеліп отыр:

Рет: Құжаттың түрі

: Құжаттың

:Рәсімделген

N

N

у а қ ы т ы

